

# **ШАҒЫН КРЕДИТТЕР БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**«Sofi Finance» (Софи Финанс) Шағын қаржы ұйымы»  
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Алматы қ., 2020 жыл

## М А З М Ұ Н Ы:

<b>1 БӨЛІМ.</b>	<b>НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР</b>	<b>3</b>
<b>2 БӨЛІМ.</b>	<b>«Sofі Finance» (Софи Финанс) ШҚҰ» ЖШС ШАҒЫН КРЕДИТ БЕРУІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР</b>	<b>3</b>
	§ 1 Қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар	5
	§ 2 Шағын кредит беру талаптары	5
	§ 3 Шағын кредит берудің шектеулі сомалары мен мерзімдері	5
	§ 4 Берілетін шағын кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шектеулі шамасы	5
<b>3 БӨЛІМ.</b>	<b>ШАҒЫН КРЕДИТ АЛУҒА ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ</b>	<b>5</b>
	§ 1 Шағын кредит беру сатылары	6
	§ 2 Шағын кредит беруге Өтініш/Оферта беру тәртібі және оны қарау тәртібі. Шарт жасау	6
	§ 3 Шағын кредит беруден бас тарту үшін негіздер	7
	§ 4 Берілетін шағын кредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақыны есептеу ережелері	7
	§ 5 Шағын кредит беру	8
	§ 6 Кредит досьесін қалыптастыру	8
<b>4 БӨЛІМ.</b>	<b>БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ</b>	<b>9</b>
<b>5 БӨЛІМ.</b>	<b>ШАРТҚА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ</b>	<b>9</b>
<b>6 БӨЛІМ.</b>	<b>МЕРЗІМІ КЕШІККЕН БЕРЕШЕКПЕН ЖҰМЫС</b>	<b>10</b>
<b>7 БӨЛІМ.</b>	<b>ШАҒЫН КРЕДИТТЕРДІ ӨТЕУ, ШАРТТЫ МЕРЗІМІНЕН ЕРТЕ БҰЗУ ЖӘНЕ ЖАБУ ТӘРТІБІ</b>	<b>10</b>
	§ 1 Шағын кредиттер бойынша төлем жасау тәртібі	10
	§ 2 Шағын кредиттер бойынша жоспардан тыс төлем жасау тәртібі	11
<b>8 БӨЛІМ.</b>	<b>ШАҒЫН КРЕДИТ БЕРУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</b>	<b>11</b>
	§ 1 ШҚҰ құқықтары мен міндеттері	11
	§ 2 Клиенттің құқықтары мен міндеттері	13
	§ 3 Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері	13
<b>9 БӨЛІМ.</b>	<b>ҚҰПИЯЛЫҚ</b>	<b>13</b>
	§ 1 Дербес деректер	14
	§ 2 Шағын кредит беру құпиясы	14
<b>10 БӨЛІМ.</b>	<b>ӨЗГЕ ҚАҒИДАЛАР</b>	<b>15</b>

## 1 бөлім. Негізгі қағидалар

1. Осы Шағын кредит беру ережесі (әрі қарай – Ережелер ) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (әрі қарай – ҚР АҚ), Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, сонымен қатар «Sofi Finance» (Софи Финанс) Шағын қаржы ұйымы» ЖШС (әрі қарай ШҚҰ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және жеке тұлғаларға шағын кредиттер беру тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ микрокредиттерге қызмет көрсету тәртібін анықтайды.

2. Бұл Ережелер барлық тұлғалардың танысуына қол жетімді және Интернет желісіндегі ресми сайтқа орналастырылады: [www.tengo.kz](http://www.tengo.kz). Ереже ШҚҰ мен Қарыз алушы арасында жасалған Шағын кредит беру туралы шарттың ажырамас бөлімі болып табылады.

### 3. ШҚҰ туралы толық ақпарат:

Ұйымның толық атауы – «Sofi Finance» (Софи Финанс) Шағын қаржы ұйымы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқартылған атауы – «Sofi Finance» (Софи Финанс) Шағын қаржы ұйымы» ЖШС.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміндегі тіркеу нөмірі:

БСН 191040034995 – 31.10.2019 жылы берілген.

11.12.2019 жылғы №05.19.013 нөмірлі Шағын қаржы ұйымдары тізіліміне енгізілгені туралы ақпарат.

Бас директоры: Кошанова Дана Келгенбаевна.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық, даңғылы, 210, 2 блок, 12 қабат.

«Sofi Finance» (Софи Финанс) Шағын қаржы ұйымы» ЖШС-мен байланыс жүзеге асырылатын байланыс телефоны: +7 778 096 55 55.

Интернет ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайты: [www.tengo.kz](http://www.tengo.kz).

4. Осы Ережелерде келесі анықтамалар қолданылады:

1) **Акцент** – ШҚҰ-ның Клиенттің Шағын кредит сомасын Қарыз алушының / Клиенттің банкілік шотына (төлем кртасына) аудару туралы Офертасының/Өтінішінің талаптарымен келісуі;

2) **Сыйақы** – Шағын кредит беру шартының талаптарына сәйкес негізгі қарыздың пайыздық мәнімен белгіленген берілген Шағын кредит үшін ақы;

3) **Шағын кредит беру туралы шарт (әрі қарай – Шарт)** – ШҚҰ Қарыз алушының меншігіне ақша беруге негіз болатын шарт, ал Қарыз алушы ШҚҰ-на негізгі қарыз сомасын уақытында қайтарады және ол бойынша төлемділік, мерзімділік және қайтымдылық талаптарымен сыйақы төлеуге міндеттенеді.

4) **Қарыз алушы/Клиент** – ШҚҰ-мен шағын кредит беру туралы шарт жасасқан немесе Шағын кредит алуға өтініш берген (өтініш беруге ниеті білдірген) жеке тұлға;

5) **Тіркелген нөмір** – Сайтқа тіркелу процесінде Қарыз алушы/Клиент көрсеткен және растаған Қарыз алушының/Клиенттің ұялы телефонының нөмірі;

6) **Тіркелген пошта жәшігі** – Сайтқа тіркелу процесінде Қарыз алушы/Клиент көрсеткен Қарыз алушының/Клиенттің электрондық поштасының мекен-жайы;

7) **Кредит тарихы** – кредит тарихы субъектісі туралы ақпараттар жиынтығы;

8) **Кредиттік бюро** – кредит тарихтарын қалыптастыруды, кредит тарихтарын беруді және өзге қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйым;

9) **Кредиттік досье** – ШҚҰ әр Қарыз алушыға қалыптастыратын құжаттар мен мәліметтер;

10) **Кредиттік скоринг** – сандық статистикалық әдістерге негізделген Клиенттің/ Қарыз алушының кредитқабылеттілігін (кредиттік тәуекелдерін) бағалау жүйесі;

11) **Кредитқабілеттілік** – сандық және сапалық көрсеткіштерден тұратын, Қарыз алушының болашақта Шартта қарастырылған мерзімде және толық Кредит беруші алдындағы өзінің қарыздық міндеттемелері бойынша есептесу мүмкіндігін бағалауға,

сонымен қатар Қарыз алушыға кредит берген жағдайдаға қатер немесе тәуекел дәрежесін анықтауға жол ашатын Қарыз алышуның кешенді құқықтық және қаржылық сипаттамасы;

12) **Жеке Кабинет** – электрондық тәсілмен шағын кредит беру аясында ШҚҰ мен Клиент арасындағы өзара әрекетті қамтамасыз ететін ШҚҰ-ның көпфункционалды қорғалған сервисі;

13) **Шағын кредит** – ШҚҰ Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен, Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталған мөлшерде және тәртіпте, төлемділік, мерзімділік және қайтымдылық талаптарымен берген ақша;

14) **ШҚҰ** – шағын кредиттер беру бойынша қызметті жүзеге асыратын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы рұқсат берген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға «Sofi Finance» (Софи Финанс) Шағын қаржы ұйымы» ЖШС, оның ресми мәртебесі әділет органдарындағы мемлекеттік тіркеумен және есептік тіркеуден өтуімен анықталады;

15) **АЕК** – республикалық бюджет туралы заң тиісті қаржы жылына белгілеген айлық есептік көрсеткіш;

16) **Оферта/Өтініш** – ШҚҰ Сайтындағы ШҚҰ белгілеген формада ресімделген осы Ережелерде мазмұндалған талаптарға сәйкес Шарт жасау туралы Клиенттің ұсынысы;

17) **Негізгі қарыз** – Қарыз алушыға Шартқа сәйкес берілген шағын кредит сомасы;

18) **Төлем қабілеттілігі** – Клиенттің ШҚҰ алдындағы міндеттемесін тиісінше мерзімінде және толық орындайтын экономикалық мүмкіндігінің болуы;

19) **Толық мерзімінен бұрын өтеу** – Қарыз алушының ШҚҰ алдындағы берешегін, оның ішінде негізгі қарызды, Шартпен белгіленген мерзімге дейін шағын кредитті пайдаланған кезең үшін есептелген сыйақыны толық көлемде өтеуі;

20) **Мерзімі кешіккен шағын кредит** – Қарыз алушы Шартта белгіленген мерзімде төлемеген және берешек пайда болған шағын кредит;

21) **Сайт** – келесі мекен-жайдағы ШҚҰ-ның интернет-парағы: [www.tengo.kz](http://www.tengo.kz)

22) **Шот** – банкілік шот (төлем картасы), оған Қарыз алушыға арнап Офертаға, Шартқа және осы Ережелерге сәйкес Шағын кредит сомасы аударылады;

23) **Сәйкестендіру құралы** – Қарыз алушы ШҚҰ сервисін пайдалану барысында Қарыз алушыны сәйкестендіруге арналған және Қарыз алушының Жеке кабинетіне кіруін жүзеге асыру үшін қажетті логин мен құпиясөз;

24) **Уәкілетті орган** – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

## **2 БӨЛІМ. «Sofi Finance» (Софи Финанс) Шағын қаржы ұйымы» ЖШС шағын кредит беруіне қойылатын жалпы талаптар**

### **§1 Қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар**

5. ШҚҰ қарыз алушыларының болуы мүмкін:

- жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері;
- Өтініш / Оферта және шағын кредит беру туралы Шарт ресімдеу сәтінде 19-дан 65 жасқа дейінгі жаста;
- тұрақты табыс көзі бар;
- құқығы және әрекет қабілеттілігі, демек шағын кредит беру туралы шарт жасау үшін қажетті және жеткілікті барлық құқықтары мен уәкілеттіліктері болуы тиіс.

### **§2. Шағын кредит беру талаптары.**

6. ШҚҰ Шағын кредитті тұтынушылық мақсаттарға төлемділік, мерзімділік және қайтымдылық талаптарымен береді.

7. ШҚҰ Шағын кредитті Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен береді.

8. ШҚҰ Шағын кредитті келесі тәсілдермен ұсынады:

8.1. қолма-қол ақшасыз тәртіпте электрондық тәсілмен ШҚҰ Сайтындағы Клиенттің / Қарыз алушының Жеке кабинеті арқылы береді.

8.2. ШҚҰ бөлімшелері арқылы қолма-қол ақша қаражатымен қамтамасыз ету.

9. Шағын кредитті тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл) төлеусіз толық мерзімінен ерте және ішінара мерзімінен ерте өтеуге болады.

10. Клиенттің / Қарыз алушының міндеттемесін өтеуін қамтамасыз ету ретінде ШҚҰ Клиенттен / Қарыз алушыдан ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес ШҚҰ талаптарын қанағаттандыратын басқа шағын кредит ұйымының Кепілдігін ұсынуды талап етуге құқылы.

### **§3. Шағын кредит берудің шектеулі сомалары мен мерзімдері.**

11. Шағын кредит берілетін шектеулі сома;

1) Шағын кредиттің ең аз сомасы – 15 000 (он бес мың) теңге.

2) Шағын кредиттің ең үлкен сомасы әр Қарыз алушы үшін жеке белгіленеді, бірақ республикалық бюджет туралы заң тиісті қаржы жылына белгілеген АЕК-тің елу еселік мөлшерінен аспайды.

112. Шағын кредит берудің шектеулі мерзімі құрайды:

1) Шағын кредиттің ең аз мерзімі – 5 (бес) күнтізбе күні;

2) Шағын кредиттің ең көп мерзімі – 30 (отыз) күнтізбе күні.

### **§4. Берілетін шағын кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шектеулі шамасы .**

13. Жеке тұлғамен жасалған Шағын кредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шектеулі мәні берілген Шағын кредит сомасының 30 % мөлшерінде белгіленеді.

## **3 БӨЛІМ. Шағын кредит алуға өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі**

### **§1. Шағын кредит беру сатылары**

#### **Электрондық тәсілмен Шағын кредит беру.**

14. Шағын кредит беруді ШҚҰ келесі ретпен жүзеге асырады:

1) Клиент Оферта/Өтініш жолдар алдында осы Ережелермен және Сайтта орналасқан дербес деректерді өндеуге қатысты Саяспен танысуға міндетті.

2) Шағын кредит алғысы келген Клиент Сайтта тіркелуі тиіс. Клиенттің Жеке кабинетке кіруі оны сәйкестендіргеннен және аутентификациялағаннан кейін мүмкін болады. Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін ШҚҰ әріптер, цифрлар және / немесе таңбалар комбинациясы болып келетін (логин және құпиясөз) динамикалық генерацияланатын құпиясөзі бар бірегей сәйкестендіргішті пайдаланады.

3) Клиенттің Шағын кредит алуға Оферта/Өтініш ресімдеуі;

4) Клиенттің Офертаны/Өтінішті қарау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер тапсыруы;

5) Клиенттің кредит қабілеттілігін бағалау;

6) Шағын кредит беру / беруден бас тарту туралы шешім қабылдау;

7) Шартқа, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының және ШҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес басқа қажетті құжаттарға электрондық түрде қол қою;

8) ШҚҰ банкілік шотынан Клиенттің банкілік шотына (төлем картасына) ақшалай қаражат аудару жолымен Шағын кредит беру.

### **ШҚҰ бөлімшелері арқылы Шағын кредит беру.**

14-1. Шағын кредиттер беруді ШҚҰ келесі ретпен жүзеге асырады:

1) қолма-қол ақша қаражатымен Шағын кредит алуға ниет білдірген Клиент тізімі сайтта орналастырылған ШҚҰ бөлімшесіне жүгінеді.

2) Шағын кредит алуға өтінім жіберу алдында Клиент осы Ережемен және ШҚҰ бөлімшелерінде орналасқан дербес деректерді өндеуге қатысты саясатпен танысуға міндетті.

- 3) ШҚҰ қызметкері Клиентті тексеруді жеке басын куәландыратын құжатпен салыстыру жолымен жүзеге асырады.
- 4) Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін ШҚҰ жүйесінде клиенттің клиент көрсеткен телефон нөміріне жіберілетін әріптер, сандар және/немесе символдар (логин және пароль) комбинациясын білдіретін динамикалық құрылған парольмен бірегей идентификаторды пайдаланады.
- 5) Клиент Шағын кредит өтінішін қарау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынады;
- 6) ШҚҰ клиенттің Шағын кредит қабілеттілігін бағалауды жүзеге асырады;
- 7) ШҚҰ Шағын кредит беру / беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасының және ШҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес шартқа, сондай-ақ басқа да қажетті құжаттарға қол қою;
- 9) Шағын кредитті қолма-қол ақша қаражатымен беру.

## **§2. Шағын кредит беруге Өтініш/Оферта беру тәртібі және оны қарау тәртібі. Шарт жасау**

15. Шарт Клиенттің Офертасын/Өтінішін ШҚҰ-ның Акцептеуі жолымен жасалады.
16. Офертасын/Өтінішін Клиент ШҚҰ Сайтында орналасқан ШҚҰ бекіткен формада құрастырады.
17. Шарт сомасы мен әрекет мерзімін Клиент Офертада өз қалауы бойынша көрсетеді.
18. Шағын кредит алу мақсатында Клиенттің келесі амалдарды орындауы тиіс:
  - 1) Сайтта тіркелу (Шағын кредит электрондық тәсілмен алған кезде) немесе ШҚҰ бөлімшесіне келу;
  - 2) Сайтта орналасқан Өтінішті / Офертаны толтырады;
  - 3) жеке басын растайтын құжатының көшірмесін қосымша береді;
  - 4) ШҚҰ сұрауы бойынша ШҚҰ белгілеген тәсілдермен ұйымдарға (ұйымдардан) (кредит бюроларына/нан және т.б.) Клиент жөніндегі ақпарат алуға – беруге Келісім ұсыну;
  - 5) қажет болған жағдайда ШҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өзге қосымша құжаттар тапсыру;
  - 6) ШҚҰ-ға келесі ақпараттарды ұсыну:  
тегі, аты, әкесінің аты; жынысы; туған күні мен туған жері; ЖСН; клиенттің жеке басын растайтын құжаттың нөмірі мен жарамдылық мерзімі; тұрғылықты мекен-жайын және онда тұру негіздемесін (жалдау шарты, немесе тұрғылықты баспанасына Клиенттің меншік құқығы), отбасылық жағдайы, балаларының саны, білім деңгейі; жұмысы туралы мәлімет; айлық табысының мөлшері; келесі еңбекақы алатын күні; тұратын ауданы; нақты тұратын мекен-жайы; тіркелген мекен-жайы; осы мекен-жайда тұрған уақыты; телефон нөмірі; үй телефонының нөмірі (бар болса), хабарласуға болатын тұлғалардың үй телефоны; жұмыс телефонының нөмірі (бар болса); электрондық поштасы.
19. Офертасын/Өтінішін толтырғанда Клиент қажетті жолдарды толтыра отырып (банк шотының нөмірі мен банк атауы) шағын кредит өнімін және Шағын кредит алу тәсілін өз бетінше таңдайды.
20. Клиент толтырылған байланыс деректерінің шынайылығын ШҚҰ Сайтында Жеке кабинетінде ШҚҰ Клиенттің Сайтта Оферта/ Өтініш толтырғанда (тіркелгенде) Клиент көрсеткен ұялы телефонына жіберген арнайы кодты (Сәйкестендіру құралы) активтеу арқылы растауы тиіс.
21. Егер Клиент осы Ережелерде көрсетілген талаптармен Шағын кредит алуға келісетін болса, онда оның Офертаға/ Өтінішке қол қою жолымен Шартқа қол қоюға өз келісімін растауы тиіс.
22. Клиент пен ШҚҰ ҚР АҚ 395 бабының қағидаларына сәйкес қол қойылған Өтініш / Оферта онда көрсетілген Клиенттің сәйкестендіруші ақпаратымен (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, ЖСН, Клиент тіркелген жер, ұялы телефонының

нөмірі, электрондық поштасының мекен-жайы) қоса Шағын кредит беру туралы шарт жасау туралы өтінішті қарау үшін ресми құжат болып табылады.

23. ШҚҰ ішкі скорингімен алынған деректер негізінде Клиенттің кредитқабілеттілігін бағалау анықталады және кредит беруге болатын сома есептеледі.

24. ШҚҰ Клиенттің Өтінішін / Офертасын акцептегеннен және шағын кредит сомасын аударып қойғаннан кейін Қарыз алушы шағын кредиттен бас тартқан жағдайда Қарыз алушының ШҚҰ шағын кредитті берген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде шағын кредит сомасын ШҚҰ банкілік шотына қайтаруды жүзеге асыруы тиіс. Олай істемеген жағдайда Қарыз алушыға Шартта қарастырылған Негізгі қарыз бен Сыйақыны қайтару бойынша барлық міндеттемелері жүктелетін болады.

25. ШҚҰ Өтініш / Оферта Акцептелген сәтке дейін осы Ережелерде қарастырылған қызметті көрсетуге және міндеттемелерді өз мойнына алуға міндетті емес.

26. ШҚҰ Клиентке шағын кредит беру немесе шағын кредит беруден бас тарту туралы қабылданған шешім жайында кез келген қол жетімді тәсілмен, оның ішінде Клиенттің Өтінішінде / Офертасында көрсеткен электрондық пошта арқылы және / немесе sms – хабарлама арқылы хабарлайды.

27. Шартқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шағын кредитті төлеу кестесі қосымша беріледі.

28. Шартқа жасалған барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Ережелерге сәйкес Шарт жасау тәртібіне ұқсас хатталған Шартқа жасалған тиісті қосымша келісімдермен ресімделеді.

29. Берілген шағын кредит бойынша ақпарат кредиттік бюроларға, оның ішінде мемлекет қатысатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған шарттарда "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ-ға беріледі.

### **§3. Шағын кредит беруден бас тарту үшін негіздер**

30. ШҚҰ Шағын кредит беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешімді ШҚҰ Клиенттен толық ақпарат алған күннен бастап 48 сағаттан кешіктірмей қабылдайды.

31. Мақұлдауды Шағын кредитті қайтармаудың орынды катері бар Өтініштер / Оферталар алады.

32. ШҚҰ Клиентке келесі жағдайларда Шағын кредит бермеуге құқылы:

1) ШҚҰ-да Шағын кредит мерзімінде қайтарылмайды деп ойлауға негіз болғанда, себебі Клиент берген ақпарат / ШҚҰ-ға мәлім болған ақпарат Клиенттің төлем қабілетсіздігінің ықтималдығын растайды;

2) Клиент туралы деректердің осы Ереже белгілеген Шағын кредит беру талаптарына сәйкеспеуі;

3) Клиент берген ақпарат шынайы болып табылмайды немесе толық емес болып табылады;

4) Клиентте ШҚҰ алдында бұрын берілген Шағын кредит үшін өтелмеген берешегінің болуы (оның ішінде Клиент қайтадан шағын кредит сұрап өтініш білдірген сәтте әлі қайтару мерзімі келмеген шағын кредит бойынша берешегінің болуы);

5) қажетті құжаттардың тапсырылмауы;

6) Клиенттің кредит тарихында Клиенттің үшінші тұлға алдында өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы туралы мәлімет болғанда;

7) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңында қарастырылған жағдайларда.

8) клиенттің/қарыз алушының кепілсіз банктік қарыздар және Шағын кредиттер бойынша күнтізбелік алпыс күннен астам мерзімі өткен берешегі АЕК-тің бес еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде болған жағдайларда.

#### §4. Берілетін шағын кредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақыны есептеу ережелері

33. ШҚҰ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуді жүзеге асырады:

1) Шағын кредит беру туралы шарт, Шағын кредит беру туралы шартқа қосымша келісімдер жасалған күнге;

2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) Шағын кредит беру туралы шартқа Қарыз алушының ақшалай міндеттемесінің сомасын (мөлшерін) және / немесе оны төлеу мерзімін өзгертетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

34. Қарыз алушының ақшалай міндеттемесінің сомасын (мөлшерін) және / немесе оны төлеу мерзімін өзгертетін өзгерістерге әкелетін Шағын кредит беру туралы шартының талаптары өзгерген жағдайда сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің нақтыландырылған мәнін есептеу талаптар өзгертетін күнгі Шағын кредитті өтеудің қалған мерзіміндегі берешек қалдығынан алынып есептеледі, бұл ретте Шағын кредит беру туралы шарт әрекетінің мерзімі басталғаннан бері Қарыз алушы жасаған Шағын кредит бойынша төлемдер ескерілмейді.

35. ШҚҰ берілген шағын кредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі келесі формуламен есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұндағы:

n – Қарыз алушыға соңғы төлемінің реттік нөмірі

j – Қарыз алушыға төлемінің реттік нөмірі;

S<sub>j</sub> – Қарыз алушыға сумма j-ші төлемнің сомасы;

APR – сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

t<sub>j</sub> – қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі шағын кредит берілген күннен басталатын уақыт кезеңі (күнмен);

m – Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i – Қарыз алушының төлемінің реттік нөмірі;

P<sub>i</sub> – Қарыз алушының i-ші төлемнің сомасы;

t<sub>i</sub> – қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі шағын кредит берілген күннен басталатын уақыт кезеңі (күнмен);

36. Егер жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептегенде алынған сан бір он таңбалы саннан артық болса, ол келесі тәртіпте ондық үлеске дейін дөңгелектеуге жатады:

1) егер жүздік бөлігі 5-тен артық болса немесе тең болса, ондық үлес 1-ге арттырылады, одан кейінгі барлық қалған таңбалар алынып тасталады;

2) егер жүздік үлес 5-тен аз болса, жүздік үлес өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық қалған таңбалар алынып тасталады.

37. Шағын кредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуге қарыз алушының барлық төлемдері кіреді, оған Шағын кредит беру туралы шартының негізгі қарыз және (немесе) сыйақы төлеу бойынша талаптарын сақтамауына байлынысты туындаған төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар) кірмейді.

#### §5. Шағын кредит беру

38. ШҚҰ Клиентке Шағын кредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, ШҚҰ қарыз алушыға Шағын кредит береді:

38.1. өтініш/Офертада көрсетілген Шағын кредит сомасын клиенттің шотына біржолғы аудару – өтінішті/Офертаны берудің электрондық тәсілі кезінде.



38.2. ШҚҰ бөлімшелерінде өтінімді ресімдеу кезінде ақшалай қаражат қолма-қол беріледі.  
39. ШҚҰ ақша аударуды Клиентке Шағын кредит беру туралы оң шешім қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей береді (өтініш/Оферта берудің электрондық тәсілі кезінде).

40. Клиентке ақша беру сәті деп танылады:

40.1. өтінімді берудің электрондық тәсілі кезінде-клиенттің шотына ақшаның түскен уақыты.

40.2. ШҚҰ бөлімшелерінде өтінімді ресімдеу кезінде-ақша қаражатын Клиентке/қарыз алушыға берген сәттен бастап.

41. Шағын кредит сомасын аудару Өтініш / Оферта Акцепті болып табылады, ал Шағын кредит сомасы аударылған күн – Шарт жасалған күн деп саналады.

#### **§6. Кредит досьесін қалыптастыру**

43. Кредит досьесі Қарыз алушы ШҚҰ-мен бірінші Шағын кредит беру туралы шартқа қол қойған күні ашылады.

44. ШҚҰ бөлімшелерінің жұмысын оңтайландыру үшін Кредит досьесі электрондық түрде қалыптастырылады.

45. Кредит досьесінде келесі құжаттар болады:

1) Шағын кредит алуға Өтініш /Оферта;

2) Клиенттің жеке басын растайтын құжат / (Клиенттің/Қарыз алушының жеке басын растайтын құжат туралы ақпарат, онда тегі, аты, әкесінің аты (егер көрсетілген болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні, құжат нөмірі, берген орган, берілген күні мен құжаттың жарамдылық мерзімі);

3) Шағын кредит беру туралы шарт;

4) Шағын кредит беру туралы шартқа қосымша келісім (бар болса);

5) тараптар қол қойған Шағын кредитті төлеу кестесі;

6) жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыландырған мәнінің есептелуі (бар болса);

7) кепілдік шарты (міндеттемесін орындау кепілмен қамтамасыз етілген Шағын кредит болған жағдайда);

8) ШҚҰ мен Қарыз алушы арасындағы хат алмасулар;

9) Шағын кредит беру туралы шарт бойынша берешекті толық немесе ішінара өтегені туралы құжаттар (немесе олардың көшірмелері);

10) кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға ол туралы ақпарат беруге келісімі алынғанын растайтын ақпарат;

11) кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есеп алушыға кредиттік есеп беруге келісімі алынғанын растайтын ақпарат;

12) Қарыз алушының қарыздық жүктемесінің коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар мен ақпарат.

#### **4 бөлім. Берілген шағын кредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі**

46. Берілген шағын кредиттерді пайдаланғаны үшін Қарыз алушы Шағын кредит беру туралы шартта белгіленген мөлшерде және мерзімде сыйақы төлейді.

47. Берілген шағын кредиттерді пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі Шағын кредит берілген мерзімге қарамастан жылға есептеліп көрсетіледі. Шағын кредитті пайдаланғаны үшін Сыйақыны есептегенде бір жылдағы күндер саны күнтізбе күнінің нақты санына тең деп қабылданады: 365 немесе 366 сәйкесінше, ал күнтізбе айындағы күндер саны тиісті айдағы нақты күнтізбе күніне тең шамада алынады.

48. Шағын кредиттерді пайдаланғаны үшін сыйақы Шағын кредит берілген күннен бастап, Шағын кредит қайтарылған күнмен қоса кезеңге Шағын кредит сомасына есептеледі.

49. Шағын кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы Шағын кредит сомасын қайтарғанда бірге бір мәртелік төлеммен төленеді (Шағын кредит мерзімі аяқталғанда).

50. Қарыз алушы үшін Қарызды пайдаланғаны үшін Берешек сомасын есептеуге қолдануға арналған Сыйақы Қарыз мерзіміне қарамастан берілген Шағын кредит сомасының 30%-нан аспайтын мөлшерлеменен есептеледі.

### **5 бөлім. Шартқа өзгеріс енгізу тәртібі**

51. Шарттың қолданыстағы талаптарына өзгеріс енгізу Қарыз алушының еркін түрдегі техникалық қолдауға ШҚҰ Сайтында ресімделген жасалатын өзгерістер мен олардың себептері көрсетілген жазбаша сұранысы негізінде Шартқа тиісті қосымша келісімдер жасау жолымен жүзеге асырылады: [info@tengo.kz](mailto:info@tengo.kz).

52. Қарыз алушы ШҚҰ-на кредит беру талаптарын өзгерту туралы сұраныспен жүгінгенде, бұл сұрақ бойынша шешімді ШҚҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес аталған сұрақтарды қарау құзіретіне жататын ШҚҰ-ның уәкілетті органы / уәкілетті тұлғасы қабылдайды.

### **6 бөлім. Мерзімі кешіккен берешекпен жұмыс**

53. Қарыз алушы шағын кредит бойынша төлеу кестесін сақтамаған жағдайда оған Шартта көрсетілген мөлшерде әр мерзімі кешіккен күн үшін, шағын кредитті төлеу кестесіне сәйкес төлеу күнінен кейінгі келесі күннен бастап тұрақсыздық есептеледі.

54. Қарыз алушыда Шағын кредит бойынша мерзімі кешіккен төлемдер болған жағдайда ШҚҰ берешекті қайтару бойынша жұмысты келесі жолдармен жүзеге асырады:

- 1) SMS–хабарлама;
- 2) электрондық поштасына хабарлау;
- 3) ақпараттық телефон шалулар;
- 4) Қарыз алушымен бетпе-бет жүздесу және әңгіме жүргізу;
- 5) Шағын кредит бойынша берешекті сот тәртібінде өндіріп алу;
- 6) Шағын кредит бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беру;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған өзге әдістер.

55. Мерзімі кешіккен Шағын кредит бойынша талап қою құқығын үшінші тұлғаларға беруді ШҚҰ Қарыз алушының келісімінсіз жүзеге асыруға құқылы.

56. Шағын кредит бойынша талап қою құқығын (талапты) ШҚҰ келесі тұлғаларға беруге құқылы:

- 1) екінші деңгейлі банкіге;
- 2) коллекторлық агенттікке;
- 3) шағын қаржы ұйымына;
- 4) секьюритизация мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритизация туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына;
- 5) заңды тұлғаға – шағын кредит ұйымы қамтамасыз етілген облигация шығарған немесе қарыз алған кезде Шағын кредит беру туралы шарт бойынша талап қою құқығының кепіл ұстаушысына.

### **7 бөлім. Шағын кредиттерді өтеу, шартты мерзімінен ерте бұзу және жабу тәртібі**

#### **§1. Шағын кредиттер бойынша төлем жасау тәртібі**

57. Қарыз алушыға төлеу кестесіне сәйкес Шағын кредит бойынша берешекті төлеуге белгілі бір күн (мерзім) тағайындалады.

58. Негізгі қарыз бен есептелген сыйақы бойынша төлемдерді Қарыз алушы толық көлемде белгіленген мерзімде жасауы тиіс.

59. Қарыз алушы Шағын кредитті төлеуді (ол бойынша сыйақы мен айыппұл, өсімпұлмен қоса) қолма-қол ақшасыз түрде ШҚҰ банкілік шотына Қарыз алушының шотынан ШҚҰ-ның шотына ақша аударумен қоса, сонымен қатар ақшаны ШҚҰ арнайы шарттар

жасасқан Төлем Жүйелерінің терминалдары арқылы енгізу жолымен ақша салу арқылы жүзеге асырады.

60. Қарыз алушы Шарт бойынша жасаған төлемдер сома Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемесін орындауға жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешектерін келесі кезекте өтейді:

- 1) орындауды алу бойынша ШҚҰ шығындары;
- 2) тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл) Шағын кредит беру туралы шартта қарастырылған мөлшерде;
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі қарыз сомасы.

61. Қарыз алушы Шарт бойынша кез келген соманы төлеуді кешіктірген (толығымен немесе ішінара) жағдайда ШҚҰ өзінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыйақы және тұрақсыздық есептеуді тоқтатуға құқылы.

62. ШҚҰ-ның банкілік шотына ақша түскен / аударылған күні ШҚҰ ай сайынғы төлемді алды, ал Қарыз алушы өз міндетін орындады деп саналады.

## **§2. Шағын кредиттер бойынша жоспардан тыс төлем жасау тәртібі**

63. Кредит процесі аясында келесілерге жол беріледі:

- 1) толық мерзімінен ерте өтеуге;
- 2) ішінара мерзімінен ерте өтеуге.

Шағын несие мерзімінен бұрын қарыз алушының жазбаша өтініші негізінде толық немесе ішінара өтелуі кемінде 5 (бес) күнтізбелік күннен ерте болмауы қажет.

64. Толық мерзімінен ерте өтелгеннен кейін Шарт әрекеті аяқталады және ШҚҰ оның жабылуын жүзеге асырады.

## **8 бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **§1. ШҚҰ құқықтары мен міндеттері**

65. ШҚҰ міндеттенеді:

- 1) орналасқан орны өзгерген немесе атауы өзгерген жағдайда ол туралы уәкілетті органға, сонымен қатар Қарыз алушыларға (Клиенттерге) ШҚҰ орналасқан жерде орыс және қазақ тілдеріндегі екі баспа басылымына тиісті ақпарат жариялау жолымен, сонымен бірге Қарыз алушының (Клиенттің) – жеке тұлғаның заңды мекен-жайын әр Қарыз алушыға (Клиентке) мұндай өзгерістер жасалған күннен 30 (отыз) күнтізбе күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға;
- 2) ШҚҰ Қарыз алушысының (Клиентінің) көруі және танысуы үшін қол жетімді жерге, оның ішінде ШҚҰ Сайтына шағын кредит беру ережелерінің көшірмесін орналастыруға;
- 3) Қарыз алушыларға Шағын кредит алуға, оған қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты толық және шынайы ақпарат беруге;
- 4) Қарыз алушыны (Клиентті) шағын кредитке байланысты оның құқықтары мен міндеттемелері туралы ақпараттандыруға;
- 5) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қаржылық мониторинг бойынша уәкілетті органдарға мәліметтерді хабарлауға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шағын кредит беру құпиясын сақтауға;
- 7) Қарыз алушыны (Клиентті) Шағын кредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттемелері туралы ақпараттандыруға;
- 8) берліген Шағын кредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеуді жүзеге асыруға және салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдар бекіткен ережелерге сәйкес оларға қарсы провизиялар (резервтер) жасауға;

9) мәжбүрлі нормативтік және сақталуы міндетті өзге нормалар мен лимиттерді, уәкілетті органдар белгілеген оларды есептеу әдістерін сақтауға;

10) уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген шағын қаржы ұйымының қарыз алушысының қарыздық жүктемесінің коэффициентін есептеу тәртібі мен оның шектеулі мәнін сақтауға;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге есептер беруге, оларды беру тізбесі, формасы, мерзімі және беру тәртібі уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің нормативтік-құқықтық актілерімен тағайындалады;

12) уәкілетті орган анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын жоюға;

13) ШҚҰ органының шағын кредиттер беру бойынша қызметін шағын кредиттер беру бойынша қызметті бекітуге уәкілетті органның бекіткені туралы уәкілетті органға ондай бекіту жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында, құрылтайлық құжаттарда және жасалған Шарт талаптары белгіленген өзге талаптарды сақтауға.

66. ШҚҰ құқылы:

1) Қарыз алушының есіне SMS–хабарлама, электрондық поштаға хат жазу, алдағы несиелік берешекті өтеу туралы, сонымен қатар Қарыз алушыға берілген шағын кредитке байланысты басқа іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігі туралы телефон қоңырауларын жасау арқылы салуға;

2) Қарыз алушының келісімі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының кредит бюролары және кредиттік тарих қалыптастыру уралы заңнамасында белгіленген тәртіпте және талаптармен кредиттік тарих қалыптастыруға қажетті Қарыз алушы туралы ақпаратты кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар кредиттік бюроға беруге;

3) Қарыз алушының келісімі болған жағдайда кредит бюроларынан, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ҰАҚ-на және басқа ұйымдардан ақпарат сұрауға / алуға;

4) Шағын кредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талапты) «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-1 бабының 4 және 5 тармақтарында көрсетілген тұлғаға беруге;

5) Қарыз алушыдан (Клиенттен) Шағын кредит беру туралы шарт жасау үшін және шағын кредиттер беру ережелерінде анықталған ол бойынша міндеттемені орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрауға;

6) Қарыз алушының арызы бойынша тауарды, жұмысты немесе қызметті төлеу мақсатында шағын кредитті үшінші тұлғаға екінші деңгейлі банк арқылы аударуды жүзеге асыруға.

7) Қарыз алушының келісімі болған жағдайда оның Дербес деректерін тексеруге және өндеуге;

8) Қарыз алушыдан жасалған Шартқа сәйкес қабылданған барлық міндеттемелерін тиісінше орындауды талап етуге;

9) Қарыз алушыға SMS–хабарламалар, электрондық поштасына хат жолдау, телефон шалу арқылы жаңа ұсыныстар мен ШҚҰ маркетингтік қызметі аясында басқа ақпаратты хабарлауға;

10) келісімі болған жағдайда Клиентті / Қарыз алушыны фотоға түсіруге, сонымен қатар осы кредит беру, верификация процесін және мерзімі кешіккен берешекті қайтару жұмыстарын бақылау мақсатында Қарыз алушымен сөйлесулеріне аудио- және бейне жазба жасауға, егер Клиентті / Қарыз алушыны аталған әрекеттерді ескерту болған жағдайда;

11) шағын қаржылық қызметпен бірге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өзге қызметті жүзеге асыруға;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасына және жасалған Шарт талаптарына сәйкес өзге құқыларға.

67. ШҚҰ құқығы жоқ:

- 1) біржақты тәртіпте сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендеткеннен өзге жағдайда) және (немесе) Шағын кредитті өтеу тәсілі мен әдісін) өзгертуге;
- 2) кепілсіз банкілік қарыздар мен шағын кредиттер бойынша 60 күнтізбе күнінен артық мерзімі өтіп кеткен республикалық бюджет туралы заң тиісті қаржы жылына белгілеген АЕК бес еселенген мөлшеріне тең және одан асатын берешегі бар жеке тұлғаларға шағын кредит беруге;
- 3) Қарыз алушыдан Шағын кредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздықтан (айыппұл, өсімпұл) өзге кез келген төлем белгілеуге және алуға;
- 4) ШҚҰ-ға шағын кредиттің сомасын толығымен немесе ішінара мерзімінен бұрын қайтарған жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыдан шағын кредитті мерзімінен ерте қайтарғаны үшін тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл) және шағын кредитті мерзімінен ерте қайтаруды талап етуге;
- 5) кепілге қойылған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге.

## **§2. Клиенттің құқықтары мен міндеттері**

68. Клиент міндетті:

- 1) Шағын кредит беру бойынша шешім қабылдауы үшін ШҚҰ сұраған құжаттар мен мәліметтерді беруге;

69. Клиент құқылы:

- 1) осы Ережелермен, ШҚҰ-ның шағын кредиттер беру тарифтерімен танысуға;
- 2) шағын кредит беру тәртібі мен талаптары туралы толық және ақиқат ақпарат алуға, шағын кредит алуға, оған қызмет көрсетуге және қайтаруға байланысты барлық төлемдер туралы ақпаратпен қоса;
- 3) Шағын кредит беру туралы шарт жасаудан бас тартуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелердің және жасалған Шарттың талаптарына сәйкес өзге құқықтарын пайдалануға.

## **§3. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері**

70. Қарыз алушы міндетті:

- 1) алған Шағын кредитін Шағын кредит беру туралы шартта белгіленген мерзімде және тәртіпте қайтаруға және ол бойынша сыйақыны төлеуге;
- 2) Осы Ережелерге сәйкес ШҚҰ сұраған құжаттар мен мәліметтерді беруге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы ШҚҰ-мен жасалған Шартта белгіленген өзге талаптарды орындауға.

71. Қарыз алушы құқылы:

- 1) шағын кредит беру ережелерімен, шағын кредит беру бойынша ШҚҰ тарифтерімен танысуға;
- 2) алған Шағын кредитті Шағын кредит беру туралы шартта белгіленген тәртіпте және талаптармен пайдалануға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте өз құқықтарын қорғауға;
- 4) Шағын кредит беру туралы шарт бойынша берілген шағын кредит сомасын ШҚҰ-ға толығымен немесе ішінара мерзімінен ерте қайтаруға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шағын кредит беру туралы шартта белгіленген өзге құқықтарын жүзеге асыруға.

## **9 бөлім. Құпиялық**

### **§1. Дербес деректер**

72. Шағын кредит беруге Өтініш /Оферта бергенде Клиент ШҚҰ-ға өзінің дербес деректерін (ШҚҰ одан алған ақпараттар мен құжаттар) тексеруге және өңдеуге, атап айтқанда деректерді жинауға, тексеруге, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға,

нақтыландыруға (жаңалау, өзгерту), пайдалануға, тұлғасыздандыруға, бұғаттауға, жоюға, трансшекалық беруге өз рұқсатын береді.

73. Шарт жасағанда Клиент өзінің дербес деректерін өңдеуге рұқсат береді.

74. Дербес деректер ШҚҰ-ның жоюына жатады:

1) деректерді жинау және өңдеу мақсатына жету күні белгілеген деректерді сақтау мерзімі аяқталғанда;

2) Қарыз алушы мен ШҚҰ арасындағы құқықтық қарым-қатынас тоқтағанда;

3) сот шешімі заңды күшіне енгенде;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге жағдайларда.

75. Қарыз алушы өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін кері қайтарып алу туралы жазбаша өтініш жолдаған жағдайда оның дербес деректерін жинау және өңдеу тек Қарыз алушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін тоқталады.

76. Қарыз алушы шағын кредитті және оған есептелген сыйақыны төлеу мерзімін 30 (отыз) күнтізбе күнінен артық мерзімге бұзған болса ШҚҰ берешекті өндіріп алуға коллекторлық агенттіктерді жұмылдыруға және оларға барлық қажетті ақпараттар мен құжаттарды беруге құқылы.

## **§2. Шағын кредит беру құпиясы**

77. ШҚҰ шағын кредит беру құпиясының, Қарыз алушылар туралы ақпараттың сақталатынына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге жағдайларда кепілдік береді.

78. Шағын кредит беру құпиясына Қарыз алушылар туралы мәліметтер, шағын кредиттер мөлшері, Шарттың Қарыз алушыға қатысты өзге талаптары, және шағын кредит беру операциялары туралы (осы Ережеден өзге) мәліметтер кіреді.

79. Шағын кредит беру құпиясы тек Қарыз алушыға, ШҚҰ-да өзін болған кезде берілген Қарыз алушының жазбаша келісімі негізінде кез келген үшінші тұлғаға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген шағын кредиттер бойынша кредиттік бюроларға, сонымен қатар төменде көрсетілген тұлғаларға ашылуы мүмкін.

Қарыз алушылар туралы мәліметтер, шағын кредиттер мөлшері, Шарттың Қарыз алушыға қатысты өзге талаптары, ШҚҰ жүргізетін операциялар туралы мәліметтер беріледі:

1) мемлекеттік органдарға және қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға: олардың өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша мөрмен куәлендірілген және прокурордың санкциясы бар жазбаша сұраныс негізінде;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және Мемлекеттік күзет қызметіне прокурордың санкциясымен олардың барлау және (немесе) жарылыс акцияларның алдын алу, ашу және жол бермеу үшін қажетті ақпаратты беру туралы талаптары бойынша;

3) соттарға: ұйығарымдар, қаулылар, сот шешімдері мен үкімдері негізінде өндірістеріндегі істер бойынша;

4) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: сот орындаушысының прокурор санкция берген, әділет органының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен куәлендірілген қаулысы негізінде олардың өндірісіндегі атқару өндірісінің істері бойынша;

4) прокурорға: тексеру өндірісі туралы қаулы негізінде оның қарауына берілген қаралатын материал бойынша оның құзіреті шегінде;

5) мемлекеттік кірістер органдарына тек салық әкімшілігі мақсаттарында: жазбаша ескертпе негізінде тексерілетін тұлғаның салық төлеуіне байланысты сұрақтар бойынша;

6) Қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушы бойынша, нотариалды куәлендірілген сенімхат негізінде;

7) оңалту және банкроттың саласындағы уәкілетті органға, банкроттық басқарушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған тұлғаларға қатысты.

80. Қарыз алушы, шағын кредит мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты Шағын кредит беру туралы шарттың өзге талаптары жөніндегі мәліметтер Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда осы Ережелердің 79 тармағында қарастырылған тұлғалардан өзге сондай-ақ келесі жазбаша сұраныстар негізінде беріледі:

1) Қарыз алушы өсиетнамасында көрсеткен тұлғаларға;

2) нотариустарға: нотариустың мөрімен расталған нотариустың жазбаша сұранысы негізінде өз өндірісіндегі мұрагерлік іс бойынша. Нотариустың жазбаша сұранысына өлім туралы куәлік қосымша берілуі тиіс.

3) шетелдік консулдық мекемелерге: олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша.

81. Шағын кредит беру құпиясы ашылған болып табылмайды:

1) ШҚҰ-ның кредиттік бюроларға жағымсыз ақпарат беруі және кредиттік бюроларға жүз сексен күнтізбе күнінен артық мерзімі кешіккен берешекке қатысты кредит тарихы субъектісі туралы жағымсыз ақпарат беруі;

2) ШҚҰ-ның талап қою құқығын беруді жасау бойынша тұлғаларға негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі кешіккен берешегі бар шағын кредиттерге байланысты ақпарат беруі;

3) ШҚҰ-ның коллекторлық агенттікке сол коллекторлық агенттікпен берешекті өндіру туралы жасалған шарт аясында шағын кредит бойынша ақпарат беруі;

4) ақпарат алмасу, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті орган арасында шағын кредит беру құпиясын құрайтын мәліметтер алмасу;

5) мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының немесе ШҚҰ-дағы басқару қызметін атқаратын тұлғаның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама жолдағанда растаушы құжаттар мен материалдар ретінде шағын кредит беру құпиясы бар құжаттар мен ақпараттар беруі.

## **10 бөлім. Өзге қағидалар**

82. Бұл Ережелердің несиелік портфель құрылымында, ШҚҰ қазметінің қаржылық нәтижелеріндегі өзгерістерді, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы өзгерістерді, сонымен қатар экономикалық жағдайдағы және Қазақстан Республикасының қаржы нарықтарының конъюктурасындағы өзгерістерді ескере отырып, өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

83. Осы Ережелерде қарастырылмаған өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамалары талаптарымен реттеледі.